«6D060700 – Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған Алимова Софиахан Тілешовнаның «Тянь-Шань таулы аймақтарындағы «Frangula alnus» өсімдігінің морфобиологиялық ерекшеліктері мен дәрілік қасиеттерін зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы бойынша отандық ғылыми кеңесшісінің

ПІКІРІ

Қазіргі кезде дұрыс тамақтанбау, семіздік және алкогольді шамадан тыс тұтыну – ағзада созылмалы қабыну үдерістерін тудырып, бауырдың зақымдануына әкелетін негізгі қауіп факторларының бірі болып саналады. Семіздік жағдайында асқорыту, қанайналым және иммундық жүйелердің қызметінде түрлі патологиялық өзгерістер байқалады. Осыған байланысты табиғи гепатопротекторлық және қабынуға қарсы әсері бар өсімдіктерді ғылыми тұрғыда зерттеу өзекті бағыттардың бірі болып отыр. Солардың ішінде, біздің алдыңғы зерттеулерімізде атап көрсетілгендей, Тянь-Шань өңірінде өсетін Rhamnaceae Juss. тұқымдасына жататын Frangula alnus Mill. (сыңғақ итшомырт) ерекше мәнге ие. Бұл өсімдіктің сабақ қабығы мен жемістерінде қабынуға қарсы, гепатопротекторлық және иммуномодуляторлық әсер көрсететін биологиялық белсенді қосылыстар бар. Сондықтан Frangula alnus Mill. түрінің морфобиологиялық және емдік қасиеттерін тереңірек зерттеу маңызды ғылыми міндет болып табылады.

Қазіргі таңда Қазақстанда денсаулық сақтау саласында өсімдік текте дәрілік препараттарды қолдануға деген сұраныс жыл сайын артып келеді. Дәрілік өсімдіктердің адам ағзасына емдік әсері ежелден белгілі және олар дәстүрлі әрі ресми медицинада кеңінен қолданылады. Бүгінде өсімдік негізіндегі дәрі-дәрмектерге деген қызығушылық пен қажеттілік айтарлықтай жоғары. Химиялық препараттардың емдік қасиеттерімен қатар кейде жағымсыз әсерлері де байқалса, өсімдік текте дәрілер, керісінше, ағзаға көбіне пайдалы әсер етеді.

Дәрілік өсімдіктер адам өмірінде маңызды рөл атқарады. Олардың емдік қасиеті құрамындағы стероидтар, тритерпендер, алкалоидтар, гликозидтер, витаминдер, эфир майлары мен тұтқыр заттар сияқты әртүрлі химиялық қосылыстарға байланысты. Қазақстан флорасында шамамен алты мыңнан астам өсімдік түрі болса, соның бес жүзге жуығы дәрілік өсімдіктер қатарына жатады.

Дәрілік препараттар жасауға арналған шикізат ретінде арнайы іріктелген өсімдіктер пайдаланылады, олардың көбі табиғи жағдайда өсетін жабайы түрлерден алынады. Дәрілік өсімдіктер көбінесе кептірілген шөп, тұнба, қайнатпа, шай немесе ұнтақ түрінде қолданылады.

Бұл өсімдіктердің химиялық құрамы өте бай және алуан түрлі. Олардың құрамында биологиялық және фармакологиялық белсенді заттармен қатар бейтарап және балласттық қосылыстар да кездеседі. Негізінде табиғатта адам ағзасына мүлде әсер етпейтін өсімдік жоқ. Дәрілік өсімдіктер өздерінің ерекше биологиялық белсенді компоненттері арқылы тікелей организмге ықпал етеді. Табиғатта тек өсімдіктер ғана бейорганикалық заттардан органикалық қосылыстар түзе алады, сондықтан адам мен жануарлар тіршілігі өсімдіктерсіз

мүмкін емес. Осылайша, табиғаттағы барлық тірі және өлі жүйелер өзара тығыз байланыста өмір сүреді.

Докторант Алимова Софиахан Тілешовна «Тянь-Шань таулы аймақтарындағы «Frangula alnus» өсімдігінің морфобиологиялық ерекшеліктері мен дәрілік қасиеттерін зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын үлкен ғылыми ізденістің нәтижесінде жоғары деңгейде орындады.

Зерттеу барысында Софиахан Тілешовна өсімдіктің морфологиялық және анатомиялық құрылысының ерекшеліктерін, экологиялық бейімделуін, биологиялық белсенді қосылыстарының құрамын жан-жақты зерттеп, оларды ғылыми негізде сипаттай алды. Сонымен қатар, өсімдіктің фармакологиялық белсенділігіне кешенді зерттеулер жүргізіп, емдік әсерінің тиімділігін тәжірибелік тұрғыдан дәлелдеді.

Докторант өзінің ғылыми жұмысында жоғары жауапкершілік, ұқыптылық және жүйелілік танытты. Алынған нәтижелерді жан-жақты талдап, ғылыми тұрғыдан терең қорытындылар жасай білді. Ғылыми жұмыстың теориялық және практикалық маңыздылығы зор, еліміздің фитотерапия және өсімдік ресурстарын тиімді пайдалану саласындағы зерттеулерге комақты үлес қосады. Алимова С.Т. өзінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 9 ғылыми мақала жарияланды, олардың ішінде 3 мақала халықаралық Scopus және Web of Science базаларында, 3 мақала ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда жарияланған. Сонымен қатар, 3 халықаралық және республикалық конференцияларға қатысып, ғылыми ортада зерттеу нәтижелерін табысты таныстырды.

Докторанттың ғылыми жұмысында қойылған мақсаттары толық орындалып, алынған нәтижелері халықаралық талаптарға сай жоғары ғылыми деңгейде дәлелденген. Диссертациялық зерттеу оқу және ғылыми жоспарға сәйкес толық аяқталған және қорғауға дайын.

Қорытындылай келе, Алимова Софиахан Тілешовнаның «Тянь-Шань таулы аймақтарындағы *Frangula alnus* Mill. өсімдігінің морфобиологиялық ерекшеліктері мен дәрілік қасиеттерін зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 6D060700 — Биология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты.

Ғылыми жетекшісі,
б.ғ.к., профессор **З.Б. Есимситова**

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды
даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби